



ҚАУЛЫСЫ

2021 ж. 19.04.

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№

9

город Шымкент

Шымкент қаласының
аумағында коронавирустық
инфекцияның таралуын
алдын алу іс шараларын
күшайту және карантин
режимін ұзарту туралы

Мен, Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Абдиманап Кошқаровиң Тулебаев, Қазақстан Республикасының 2020 жылдың 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 104 бабына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшайту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №67), «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жөнілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №68), «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы №3 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №3), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 16 ақпандағы №6 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №6), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 27 ақпандағы №9 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №9), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021

000031

жылғы 5 наурыздағы №10 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №10), «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №12 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №12), «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» мобиЛЬДІК қосымшасын енгізу бойынша пилотты жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі №14 қаулысына (бұдан әрі - ҚР БМСДҚ №14), «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинде жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі тәнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №293/2020 бұйрығына сәйкес, COVID-19 сырқаттанушылығының өсуіне және вирустық пневмония ауруының тіркелуінің жалғасуына байланысты және халық арасында коронавирустық инфекцияның таралуының одан әрі алдын алу мақсатында

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Шымкент қаласында карантин режимі ұзартылсын және коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу жөніндегі шектеу шаралары 2021 жылғы 20 сәуірден бастап эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін қүштейтілсін.

2. Шымкент қаласының тұрғындарына және қонақтарына:

2.1. адамдардың көп жиналуына байланысты кез келген іс-шараларды өткізуге тыйым салынын («ауыз ашар», еске алу, туған күндер, мерей тойлар, шығарып салу, құдалық, той, беташар және басқа);

2.2. 65 жастан асқан адамдардың қалада жүруі шектелсін;

2.3. қоғамдық орындарға (оның ішінде қалалық қоғамдық көліктे сапар шегу кезінде) және қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ, ашық ауада орналасқан қоғамдық орындарда болған кезде (5 жасқа дейінгі балаларды және ашық ауада спортпен шұғылдануды қоспағанда) бетперде кию, әлеуметтік қашықтықты сақтау және антисептикерді пайдалану жөніндегі талаптар қатаң сақталсын.

3. Шымкент қаласының әкімі, мемлекеттік органдар, меншік иесіне қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындар, занды тұлғалар және кәсіпкерлік субъектілер Шымкент қаласында карантин кезеңінде келесі шараларды қамтамасыз етсін:

3.1. Шымкент қаласында әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметіне рұқсат беру және шектеуді осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес іске асыру;

3.2. сауда орталықтарында, азық-тұлік және азық-тұлік емес дүкендерде, халыққа қызмет көрсету саласындағы нысандарда және адамдар көп жиналуға мүмкіндігі бар орындарда күнделікті дезинфекциялық іс-шаралар жүргізілсін;

3.3. Ұлттық құрама командаларға, клубтық командаларға спорттық жаттығуға, қалалық командаларды даярлау үшін оку-жаттығу жиындарын

(30 адамнан аспайтын, қатынассыз термометрия, спорттық базада тұру) өткізуге рұқсат етілсін;

3.4. банкет залдардың, мектеп асханаларының жұмысына тыйым салынсын, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілерінде және басқа да жерлерде «ауыз ашар», еске алу, той, туған күндер, мерейтойлар, шығарып салу, "құдалық", "беташар" және басқа да салтанатты, естелік іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын;

3.5. саяжайлардың, скверлердің, жағалаулардың жұмысы қалыпты режимде жүргізілсін;

3.6. Шымкент қаласындағы автовокзалдар мен автостанциялардың жұмысы тоқтатылсын;

3.7. медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарда, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оку орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды қамтамасыз етсін. Әлеуетті ата-аналар берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты ұсынған кезде жетім балаларды одан әрі асырап алу, қорғанышылықты, қамқорышылықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбилер үйлері мен балалар үйлеріне баруға рұқсат етіледі.

Берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру туралы құжатты ұсынған кезде ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының медициналық-әлеуметтік объектілерге баруына рұқсат етіледі;

3.8. денсаулық сақтау ұйымдарында, жедел медициналық жәрдем машиналарында, жергілікті атқарушы органдар карантин үшін айқындаған үй-жайларда, сондай-ақ медицина қызметкерлері үйде медициналық көмек көрсету, ошақта эпидемиологиялық тергеп-тексеру жүргізу, науқастардан және байланыста болған адамдардан сұрау және сауалнама алу кезінде аудио, фото және бейне түсірілім жүргізуге тыйым салынсын;

3.9. 2020-2021 оку жылының төртінші тоқсанында жұмысты ұйымдастыру:

- контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқытуға;

- білім беретін мектептерде 1-ден 5-сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1-ден 7- сыныпқа дейін қоса алғанда сыныпта 25 адамнан асырмай жинақтауды сақтаумен аралас форматта оқыту;

- оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның б күні ішінде аралас оқыту: пәндердің 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын қашықтықтан оқыту (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 сыныпты - 1 кабинет қағидатымен оқыту, бір уақытта

мектепте жобалық куаттың 30%-нан аспайтын адамның болуы, санитариялық-дезинфекциялық режимді, бетперде режимін сақтауды күшейту);

- білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабактан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда окушыларды жеке оқытуға рұқсат беру;

3.10. ҚР БМСДҚ қосымшасына сәйкес, алгоритмдерге сай кенестерді (отырыстарды) көзбе-көз өткізуге рұқсат етілсін (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

3.11. арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арналған (оның ішінде ата-анасының қамкорлығының қалған балаларға арналған) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, арнайы мектеп-интернаттардың, жалпы типтегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметі қалыпты жағдайда ұйымдастырылсын;

3.12. екінші семестрде колледждер мен жоғары оқу орындарының I курс студенттері үшін штаттық оқытууды ұйымдастыру;

3.13. осы қаулыда көрсетілмеген нысандардың жұмыс уақыты 09:00-ден 18:00-ге дейін шектеумен жұмыс және демалыс, мереке күндері жұмысы ұйымдастырылсын.

4. Шымкент қаласының әкімдігіне, Шымкент қаласының аудандарының әкімдеріне, Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына, Шымкент қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасына, Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармаларына, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасына, ҚР ДСМ «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалына, денсаулық сақтау субъектілеріне және меншік иесіне қарамастан жеке кәсіпкерлік субъектілеріне:

4.1. адамдардың аялдамаларда және қоғамдық көліктерде шоғырлануын болдырмау мақсатында қарбалас сәтте желіде көлік құралдарының (автобустардың, шағын автобустардың) саны көбейтілсін, қалған уақытта қозғалыстың біркелкі кестесі ұйымдастырылсын;

4.2. қоғамдық көлікті, автобус аялдамаларын, аулалардағы балалар алаңдарын, басқа қоғамдық орындарын, адамдар көп жиналатын жерлерді қоса алғанда, қала аумағын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып заласыздандырылсын, карантин аяқталғанға дейін заласыздандыру жұмыстары күн сайын жүргізілсін;

4.3. Шымкент қаласының аумағында, мөлтек аудандардың, түрғын үй алаптарының, көп қабатты түрғын үйлердің, ұйымдардың аумағында және қоқысқа арналған алаңшалары жоспарлы түрде үнемі тазартылсын. Күнделікті тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар шығарылсын және қоқысқа арналған контейнерлерді тазартып, дезинфекциялау мен жуу жүргізілсін;

4.4. инфекциялық стационарлардың аумағын күнделікті дезинфекциялау құралдарын қолданып залалсыздандыру ішшараларын жүргізу қамтамасыз етілсін;

4.5. тұрақты түрде, Шымкент қаласы бойынша меншік иесіне қарамай барлық зертханалық зерделеу ауқымын жүйелендіріп, ПТР тестілеудің, ПТР-зерттеу бойынша есебін, бірыңғай бағдарламаға енгізіп интеграциялауымен қамтамасыз етсін;

4.6. медициналық ұйымдарда аймақтандыруды, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді қатаң сақтауды және жеке қорғаныш заттарымен қамтамасыз етілсін.

5. Меншік иесіне қарамастан Шымкент қаласының ұйымдары мен кәсіпорындарының басшыларына, жеке кәсіпкерлерге және жеке тұлғаларға карантин уақыты кезеңінде:

5.1. Халыққа қызмет көрсету үшін көзделмеген үй-жайларда жалғыз болған қызметкерлерді қоспағанда, бетпердені, қолғаптарды кию (халыққа қызмет көрсету кезінде) және антисептикерді пайдалану талаптары қатаң сақталсын. Халыққа қызмет көрсететін нысандарда қызметкерлер қосымша бір реттік қолғаптармен, оларды уақтылы ауыстыруы және температура өлшеу құралдарымен қамтамасыз етілсін;

5.2. қызметін жүзеге асыратын барлық нысандарда күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим қамтамасыз етілсін (қолды өндеуге арналған санитайзерлерді орнату, дезкілемшелерді төсеу, ғимараттың ішін залалсыздандыру құралдарын қолданумен күніне кемінде екі рет ылғалды жинау, желдету);

5.3. персоналдар мен келушілердің санитариялық-карантиндік және шектеу шараларын сақтауы қатаң қадағалансын, бақылау күшейтілсін;

5.4. атқаратын қызметті КР БМСДҚ бекіткен алгоритмдерге сәйкес жүргізілсін;

5.5. барлық нысандарда, оның ішінде қоғамдық көлікте, таксиде санитариялық-профилактикалық, санитариялық-эпидемияға қарсы және дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу қамтамасыз етілсін;

5.6. қоғамдық көліктерде, таксилерде, өндірістік аймақтарда, азық-түлік және азық-түлік емес базарларда және басқа да қоғамдық орындарда санитариялық-дезинфекциялық өндеуді қамтамасыз етсін;

5.7. Шымкент қаласында кәсіпкерлік субъектілерінің "Ashyq" мобиЛЬДІК қосымшасына тіркелгенде осы қаулының 1 қосымшасымен бекітілген әлеуметтік-экономикалық обьектілердің жұмысын шектеу критерийлерін 2021 жылғы 26 сәуірінен бастап қолдануды қамтамасыз ету:

- коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылық деңгейі жоғарылаған жағдайда (қызыл аймак) - коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың орташа деңгейі үшін әлеуметтік-экономикалық обьектілердің жұмысын шектеу критерийлері қолданылады (сары аймак);

- коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылық деңгейі орташа болған жағдайда (сары аймак) – коронавирустық инфекциямен

сырқаттанушылық деңгейі төмен әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу критерийлері қолданылады (жасыл аймақ).

6. Шымкент қаласының аудан әкімдері, Шымкент қаласының санитариялық- эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармаларының басшылары және Шымкент қаласы полиция департаментінің бастығына:

6.1. өз жұмысын қайта бастаған нысандарда (базарлар, қоғамдық көлік, коммуналдық нысандар, шаштараздар, сұлулық салондар, моншалар, сауналар, спорт объектілер, сауда объектілер, банктер, ХҚҚО, "Казпочта" АҚ бөлімшелері, меншік нысанына қарамастан үйымдар мен мекемелер және т.б.) коронавирустық инфекцияның таралуын алдын алу бағытында санитариялық-дезинфекциялық ісшараларды және санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына мониторинг жүргізілуі қамтамасыз етілсін;

6.2. қаланың мониторингтік мобиЛЬДІ топтарының және Бірыңғай үйлестіру орталығының жұмыстары күшейтілсін;

6.3. карантин кезеңінде белгіленген шектеу іс-шараларын және басқа да талаптарды бұзу, орындау анықталған кезде, тиісті әкімшілік шаралар, оның ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге сәйкес нысандардың қызметін тоқтата тұру жөнінде шаралар қолдансын.

7. Шымкент қаласының әкімдігі, Шымкент қаласы аудандарының әкімдері, Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық даму басқармасы, Шымкент қаласының санитариялық эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармалары, Шымкент қаласы полиция департаменті, Шымкент қаласының «Атамекен» өнірлік кәсіпкерлік палатасы, кәсіпкерлік субъектілері және жеке тұлғалар қамтамасыз етсін:

7.1. «InfoKazakhstan.kz» сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік Актісінің негізінде нысандардың қызметі қайта басталсын;

7.2. қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін нысанның кіреберісінде санитариялық нормаларға сәйкестік Актісі көрнекті жерге орнатылсын;

7.3. шектеу ісшараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде нысандардың жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін «InfoKazakhstan.kz» сайтында жұмысы туралы халықты, жеке және занды тұлғаларды хабардар етілсін;

7.4. бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлердің уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін «InfoKazakhstan.kz» сайты пайдалансын;

7.5. шектеу ісшараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде нысандардың жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге

асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін «InfoKazakhstan.kz» сайтына орналастырылысын;

7.6. кәсіпкерлік субъектілер «InfoKazakhstan.kz» сайтындағы нысанның паспортына келушілердің үй-жайларды жоспарлы толтыруы туралы мәліметтерді енгізу (шектеу ішараларын, оның ішінде ҚР БМСДҚ қосымшаларында айқындалған карантинді енгізу кезеңіндегі нысандардың қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);

7.7. нысандар белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес нысандардың қызметін қайта бастауға арналған Акті «InfoKazakhstan.kz» электрондық портал арқылы электронды түрде берілсін;

7.8. коронавирустық инфекциясын алдын алу мақсатында жұмысын қайта бастаған нысандарға, санитариялық-дезинфекциялық іс-шараларды және санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақтауы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

8. Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы басшысына:

Шымкент қаласына вакцинаны жеткізудің жоспарланған көлемін ескере отырып **КВИ-ға қарсы вакцинациялауды жалғастырысын:**

8.1. меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдардың барлық бейіндегі медицина қызметкерлеріне;

8.2. меншік нысанына қарамастан барлық білім беру ұйымдарының педагогтарына;

8.3. участекіл полицейлерге;

8.4. ішкі істер, қорғаныс, төтенше жағдайлар департаментінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің, қалалық прокуратураның аудандық бөлімшелерінің қызметкерлеріне;

8.5. студенттерге;

8.6. медициналық - әлеуметтік мекемелерінің персоналы мен контингенті, жабық балалар мекемелерінің персоналына;

8.7. Қазақстанда аккредиттелген дипломатиялық, консулдық мекемелердің қызметкерлері болып табылатын мемлекеттік қызметкерлер, Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасы Президент Іс басқармасының контингенті, ұлттық құрама командаларының мүшелеріне;

8.8. созылмалы аурулары бар адамдарға (қант диабеті, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары);

8.9. тіркелген жері бойынша 18 жастан асқан басқа адамдар.

9. ҚР ДСМ «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалына:

9.1. Шымкент қаласының білім басқармасының «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына және Шымкент қаласының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін «Самғау сенім орталығына» түсken тұлғаларды ПТР тестілеуімен тексеру қамтамасыз етілсін.

10. Күші жойылды деп танылсын:

10.1. Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 07.04.2021 жылғы №8 қаулысы.

11. Қаулының талаптарын, нысанды меншік иесіне қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндettі.

12. Осы Қаулы бұқаралық ақпарат құралдарда жариялансын, барлық мудделі ведомстволар мен ұйымдардың назарына жеткізілсін және әлеуметтік желілер арқылы таратылсын.

13. Осы қаулының орындалуын бақылауды өз күзырымда қалдырамын.

14. Осы қаулы 2021 жылғы 20 сәуірден бастап күшіне енеді.

**Шымкент қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



A.Tulebaev

Шымкент қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 19 сәуірдегі
№9 қаулысына
1-қосымша

**Әлеуметтік – экономикалық объектілердің жұмысын шектеу
өлшемшарттары**

№	Объектілер / салалар	Қызыл аймақ
1.	Өнеркәсіп	қалыпты режимде
2.	Коммуналдық, теле-радио коммуникациялық және байланыс қызметі	қалыпты режимде
3.	АЖБ бекеттері, АЖб бекетіндегі дүкендер, автобөлшектер дүкендері	қалыпты режимде
4.	Құрылыш (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	қалыпты режимде
5.	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	қалыпты режимде
6.	Байланыссыз қызметтер (автожуу, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательєсі, кір жуу, химиялық тазалау, кілттерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.).	қалыпты режимде
7.	Туристік компаниялар, бизнес орталықтары (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг көрсетіletіn қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары, айырбастау	қалыпты режимде

	пункттері, ломбардтар және т. б.)	
8.	Гүл дүкендері, фотосалондар	қалыпты режимде
9.	Медициналық ұйымдар, дәріханалар	қалыпты режимде
10.	Музейлер, кітапханалар	сыйымдылығы 20% адамнан аспайтын, бірақ 100 адамнан артық емес, «InfoKazakhstan.kz» порталда тіркелуімен, бетперде кио режимі, әлеуметтік қашықтық және КР БМСД №67 қаулысының талаптары сақталған жағдайда, жұмысы қалыпты режимде
11.	Азық-тұлік дүкендері, шағын маркеттері мен үй жанындағы дүкендері	жұмыс уақытын сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін шектеумен
12.	Балалардың түзету кабинеттері, балалар мен ересектердің білім беру орталықтары	15 адамнан аспайтын, алдын ала жазылу бойынша, КР БМСД №67 қаулысының талаптары сақталған жағдайда қалыпты режимде
13.	Балалар сауықтыру лагері	тыйым салу
14.	Әсемдік салондары және орталықтары, шаштараз, маникюр және педикюр қызметтері, косметикалық және косметологиялық қызметтерді көрсету(алдын ала жазылумен)	алдын ала жазылу бойынша, бір келушіге 4 шаршы метр, жұмыс уақытын сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін шектеумен
15.	Азық-тұлік гипермаркеттері, супермаркеттері	жұмыс уақытын сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін шектеумен
16.	Халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы ұйымдар (қонақ үйлер, отельдер, санаторий-курорттық ұйымдар, демалыс үйлері/базалары, туристік базалар және т. б.)	толтырылуы 80%-дан артық емес қалыпты режимде
17.	Аквасаяжайлар, жағажайлар	тыйым салу
18.	Ашық базарлар (азық-тұлік, азық-тұлік емес, мамандандырылған, киім-кешек, мал), жәрменкелердің қызметі	сыйымдылығы 30% аспайтын және 1 келушіге 4 шаршы метр, уақытын сағат 06:00-ден 18:00-ге дейін шектеумен, жексенбі күні жұмысы

		ТОҚТАЫЛСЫН
19.	Тек жеткізуге және әкетуге жұмыс істейтін қоғамдық тамақтану объектілері және фудкорт, дүнгіршектердің, оның ішінде піскен тағамдарды, фастфуд, жұмсақ балмұздақ сататын орындар	уақытын сағат 08:00-ден 22:00-ге дейін шектеумен фудкорттар тек жеткізу және алып кетуге жұмыс істейді қоғамдық тамақтану объектілерінде өнімді дайындау және жинау-дезинфекциялау іс-шаралары әдеттегі қалыпты режимде жүргізіледі
20.	Медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматология (жазылу бойынша)	алдын ала жазылу бойынша
21.	Қоғамдық көлік	жұмыс, демалыс және мереке күндері қоғамдық көлік қозғалысының уақыты сағат 07:00-ден 21:00-ге дейін шектелсін. Бетперделердің киілуі, қарбалас уақытта автобустар санын көбейту, барлық есіктерді ашу, толымдылық отыратын орындар саны бойынша
22.	ХҚКО, "Қазпочта" АҚ бөлімшелері	уақытын сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін шектеумен, демалыс және мереке күндері тоқтатылсын
23.	Банктер	уақытын сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін шектеумен
24.	Мектепке дейінгі мекемелер (бала бақшалар)	кезекші топтар 15 адамнан аспайтын топтарды жинақтауды сақтаумен
25.	Ұйымдар, оғистер	80 %- қашықтықтан, 20%- күндізгі режим
26.	Діни объектілер (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогтар және тағы басқалар)	ұжымдық Құдайға құлшылық етусіз, оның ішінде жұма намазы, «тарауих» намазы, күшеттілген санитариялық-дезинфекциялық режимімен және ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын сақтаумен қалыпты режимде ұйымдастырылсын

		(келушілерге қызмет көрсететін) дүйсенбі күнінен бастап бейсенбі күні аралығында уақыты сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін, жұма күнінен бастап жексенбі күні аралығында уақыты сағат 09:00-ден 20:00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай, үстелдер арасындағы қашықтық 2 метр, орындықтар арасы 60 сантиметр қашықтықты сақтай отырып қызметі шектелсін
27.	Қоғамдық тамактану объектілері	
28.	Азық-тұлік емес дүкендер (жеке тұрған)	уақытын сағат 09: 00-ден 22: 00-ге дейін шектеумен, ауданы 2000 шаршы метрге дейінгі нысандар
29.	Моншалар	сыйымдылығы 50% аспайтын және 1 келушіге 4 шаршы метр, сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін жұмысы шектелсін
30.	Саunalар, бассейндер	уақытын сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі күндері жұмысы тоқтатылсын Саunalар- сыйымдылығы 50% аспайтын және 1 келушіге 4 шаршы метр, Бассейндер - бір адамға су бетінің 5 шаршы метр есебімен жеке форматта
31.	Жабық базарлар (азық-тұлік және азық-тұлік емес)	сыйымдылығы 30% аспайтын және 1 келушіге 4 шаршы метр, уақытын сағат 06:00-ден 18:00-ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі күндері жұмысы тоқтатылсын
32.	Спорткомплекстер, спортық-сауықтыру орталықтарының және фитнес-орталықтардың, тренажер залдардың, жабық және жартылай спортық құрылымдардың, мұз алаңдарының, оның ішінде сауда-ойын-сауық кешендерінде, сауда	уақытын сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін шектеумен, сыйымдылығы 50% аспайтын және бір келушіге 5 шаршы метрге дейін, алдын ала жазылу талаптарын сақтаумен, сенбі, жексенбі күндері жұмысы

	орталықтарында, сауда үйлерінде орналасқан.	тоқтатылсын
33.	СОО, сауда үйлері, сауда желілері	сыйымдылығы 30% аспайтын және 1 келушіге 4 шаршы метр, уақытын сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін шектеумен, сенбі, жексенбі күндері жұмысы тоқтатылсын
34.	Мәдениет объектілері (дайындық)	тыйым салу
35.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары	тыйым салу
36.	Облысаралық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
37.	Қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдар	тыйым салу
38.	Бильярд	тыйым салу
39.	Компьютерлік клубтар, боулинг	тыйым салу
40.	Цирктер	тыйым салу
41.	Балалардың ойын-сауық орталықтары (ойын алаңдары, жабық үй-жайлардағы аттракциондар)	тыйым салу
42.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	тыйым салу
43.	Ас беру (еске алу)	тыйым салу
44.	Банкет залдары, тұнгі және ойын клубтары, караоке, букмекерлік конторларының, оның ішінде онлайн режимінде өткізілетін лотерея ұтыс ойынын жүргізуді қоспағанда, лотерея ұтыс ойынын жүргізуге	тыйым салу
45.	Зоосаябағы	тыйым салу
46.	Көрмелерді, отбасылық, естелік іс шараларды өткізуге, форумдарды, конференцияларды, көрмелерді,	тыйым салу

	семинарларды және адамдар көп жиналатын өзге де іс шараларды өткізуге.	
--	------------------------------------------------------------------------	--